

**«АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЕРЕЙМЕНТАУ
АУДАНЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ
КҮНШАЛҒАН АУЫЛЫНЫҢ ЖАЛПЫ ОРТА
БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» КММ
ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

2024-2025 оқу жылы

«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Күншалған ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша өзін-өзі бағалау қорытындысы.

1. «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Күншалған ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
2. Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Ерейментау ауданы, Күншалған ауылы Садуақасұлы Рахман көшесі 11
3. Телефон нөмірі: 8-716-49-37-2-91, 2-17-91, kunshalgan_school@mail.ru
web-сайт: http://kunshalgan_school@mail.ru . мектеп инс: kunshalganorta@mail.ru
4. Мектеп директоры: Сагинбаева Гүлмира Амантаевна. Директор лауазымына Ақмола облысы, Ерейментау ауданы, білім бөлімінің №113, 2021 жылғы 31 мамыр айының бұйрығымен тағайындалды. (копия 1);
5. Жарғы Ақмола облысы әкімдігінің 2021 жыл 05 қаңтардағы А-1/1 қаулысымен бекітілген. Заңды тұлғаны мемлекеттік қай тіркеу туралы анықтама 2021 жыл 15 қаңтарда берілген.
6. Жалпы негізгі білім беру қызметімен айналысуға құқық беретін мемлекеттік лицензия: 2021 жыл 15 ақпан №KZ85LAA000223600, мерзімі– шектелмеген.
(көшірмелері қосымша ұсынылады).

- 1) Күншалған ауылының жалпы орта білім беретін мектебі 2024-2025 оқу жылында **«Мұғалімнің кәсіби құзыретін жетілдіре отырып, білім сапасын арттыру, оқушылар бойында отансүйгіштікті қалыптастыру-бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеудің негізі»** тақырыбында жұмыс жасады.

Мақсаты: мұғалімнің өз білімін, кәсіби деңгейін жетілдіруіне жағдай жасай отырып, инновациялық, әдіс –тәсілдерді тиімді пайдалану арқылы оқушыларға сапалы білім беру, саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Міндеттер:

- Мектепті басқарудың заманға сай үлгісін қолдану арқылы білім мен тәрбие сапасын арттыра отырып, оқушыларға сапалы білім беру;
- Дарынды оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, арттыру жолдарын қарастыру, жаңа инновациялық технологиялардың әдістерін оқу үрдісіне енгізу арқылы сабақтың сапасы мен тиімділігін арттыру нәтижеге бағыттау; жалпы білім пәндер бойынша өткізілетін ғылыми жоба сайыстарына оқушыларды көптеп тарту.
- Педагогтардың беделін көтеру, марапаттау, педагогтардың сапалық құрамын арттыру, біліктіліктерін жетілдіруге жағдай жасау, жас мамандарға қолдау көрсету.
- Оқушылардың бойында «Мәңгілік ел», «Рухани жаңғыру» Жалпыұлттық патриоттық идеялары рухани-адамгершілік құндылықтарды және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру.
- Қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету.
- Цифрлық инфрақұрылыммен және ресурстармен жабдықтау.
- Мектеп пен ата-аналардың өзара байланысын күшейту.
- Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:

- Бәсекеге қабілетті тұлға қалыптасады;
- Ұлтымыздың құндылықтарын сақтай білетін, қазіргі заманға сай сапалы білім мен қаруланған отансүйгіш азамат тәрбиеленеді;
- Жаңа технологияларды жетік меңгерген, шығармашыл, жан-жақты (креативті) мұғалімдер саны арта түседі

(2024-2025 оқу жылының оқу-тәрбие жұмыс жоспарының көшірмесі ұсынылады)

2) Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҰОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі. Бағалаланатын кезеңге жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің көшірмелері қоса беріледі;

2024-2025 жылында :

- 1-4 сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2023 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығының 1-қосымшасы;
- 5-9 сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2023 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығының 6-қосымшасы;
- 10-сынып Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2023 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығының 31-қосымшасы;
- 11-сынып Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2023 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығының 100 -қосымшасы,
- Үйден оқыту Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2023 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығының 9-қосымшасы.

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

2024-2025 оқу жылында 1-4 - сыныптар жаңартылған білім беру жүйесі бойынша білім алды және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) оқу бағдарламаларымен оқытылуда. «Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту 2020 жылғы 27 қарашада бекітілген № 496 «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығына сәйкес жүргізілетін болады (2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына (188-2к қосымша), 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығына (4-қосымша) өзгерістер енгізілген). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008424>

5 - 9 –сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бағдарламамен оқытылады. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008424>

10- сынып Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығына оқу бағдарламалары мен оқытылады. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008424>

11-сынып Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістермен толықтырулар енгізу туралы ҚР БҒМ 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасымен жүзеге асырылады.

Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы пәндері 5-9 сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы негізінде оқытылды.

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008424>

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-сыныптардағы Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығы, 9,10-сыныптардағы құқық негіздері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығы негізінде оқытылады. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008424>

4) Әрбір оқу жылының басында әдістемелік-нұсқаулық хат және аудандық жылдық жоспар негізінде мектептің тәрбие жұмыстарының жоспары бекітіледі. Жалпы мектептің тәрбие жұмысы 8 бағыт бойынша жүргізіледі.

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие, еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
3. Отбасы тәрбиесі
4. Ұлттық тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі.
7. Көпмәдениетті және көркем –эстетикалық тәрбие.
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты тәрбие бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілді.

Тәрбие үдерісі - бұл тұлғаның тәрбиелік деңгейі, ол оқушының қоршаған әлеуметтік ортамен және жалпы қоғаммен әрекеттестікке дайындығымен сипатталады. Осы дайындықты анықтау және айқындау үшін диагностика-оқушының даму үдерісі мен нәтижелеріне талдау жүргіземіз. Ұрпағымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеу мақсатында сынып жетекшілер оқушының тәрбиелік деңгейін бақылайды. Мектепте 1-11 сынып әрқайсысы 1 комплектіден, 1-4-сыныптарда 4 сынып, 5-9-сыныптарда 5 сынып, 10-11- сыныптарда 2 сынып бар , даярлық сыныбы - 1. Тәрбие жұмысын тиімділікпен ұйымдастыру мақсатында мектепте сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі жұмыс істейді. Сынып жетекшілердің барлығы бірлестік бекітілген жоспар бойынша жұмыстар атқарды. Жыл бойы мектепте төмендегідей тақырыптарға басты назар аударылды.

1. Тәрбие жұмысын жоспарлау, орындалуын қадағалау, қорытындысын шығару және кемшіліктермен жұмыс жасау.
2. Жасөспірімдер арасында ұшырасатын суицид көріністерінің алдын алу, оқушылардың өмір қауіпсіздігін, денсаулығын басты назарға алу.
3. Тәрбие жұмыстарының тиімділігін арттырудағы ата-аналардың рөлін арттыру, олардың мектеппен бірлесіп бір бағытта жұмыс жасауға бар күштерін салуға шақыру.
4. Жалпыға құқықтық білім беру жұмысы;
5. Жазғы жұмыс және демалысты ұйымдастыру.
6. Жоспарға сәйкес енгізілген өзгерістер мен ұсыныстарды қалдырмау және жоспарланған түрлі жобаларды енгізу және іске асыру.

Қыркүйек айының алғашқы білім күнінде 1 қыркүйек «Білім күні» салтанатты түрде жиын өткізілді. 1 сынып оқушылары өз тақпақтары мен өлеңдерін айтты. Дәстүр бойынша әліппелер табысталып, алғашқы қонырау соғылды. Іс-шаралар санитарлық талаптарды сақтай ортырып өткізілді. Барлық сыныптарда «Мектебім-мейірім мекені» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.



[https://www.instagram.com/reel/CwporXp9M/?igsh=NjZiM2M3Mzi\[NA\]=](https://www.instagram.com/reel/CwporXp9M/?igsh=NjZiM2M3Mzi[NA]=) Кітапханада тоқсан басында жаңа оқу жылына дайындық жүргізіліп, оқушылар толықтай оқулықтармен қамтылды.

Мектепте өткізілген мұғалімдер кеңесінде сынып жетекшілер бұйрық бойынша бекітіліп, өз міндеттерімен танысты. Әр дүйсенбі сайын әнұран орындалады, оқушыларды Отансүйгіштікке, патриоттық сезімдерін ояту мақсатында.



5-қыркүйек Жалпықазақстандық ашық диктант жұмысы жүргізілді. 8,9,10,11-сынып оқушылары және ұстаздар қатысты.

Оған



12-қыркүйек Талап тәрбие бағыты бойынша «Денсаулық – зор байлық» атты салауатты өмір салтын дәрiптеу, спортқа тарту мақсатында: «Сергіту сәті» ЧЕЛЛЕНДЖ ӨТКІЗУ өтті, оқушыларды салауатты өмір салтын дәрiптеу, спортқа тарту мақсатында



<https://www.instagram.com/reei/C0QpUOStphm/?igsh=NjZiM2M3Mzi/NA==> «Жол қауіпсіздігімен өмір қауіпсіздігі» бойынша айлық өткізіліп: Шакей ауылынан тасымалданатын оқушылардың ата- аналарымен хабарласып, қауіпсіздік ережелерімен таныстырылып, тасымалдау кестесі айтылды.

1-4 сыныптарында «Абайлаңыз балалар!» акциясы аясында ЖЖЕ сақтау туралы ескетулер айтылып, ауыл учаскелік қызметкері әңгіме жүргізіп өтті. «Қауіпсіз мектеп ортасы» акция бойынша балалар жарақатының алдын алу мақсатында 1-11 сынып оқушыларымен қызықты сайыстар өтті.



Сынып жетекшілермен жиналыс өткізілді мақсаты: Біртұтас тәрбие бағдарламасы туралы толық түсінік беріп таныстырылып өтті. Сынып сағаты жоспарын құру жолдары түсіндіріліп талқыланды.





08.09.2024 Асхананы бақылау жұмысы жүргізілді, тегін тамақтанатын оқушыларға тамақ ішу барысында өзін-өзі қалай ұстау керек екендігі туралы ережелермен таныстырылды:

- Тамақ ішіп отырып сөйлеспеу.
- Асықпай ақырын ішу.
- Ауызыңды толтырмай ақырын жеу.
- Әрқайсысының ауыз сүртетін орамалы болуын.

Отбасы күніне орай мектебіміздің оқушылар «Отбасым-алтын қазынам» тақырыбында видеороликтерін дайындады. Барлық бейнероликтер мектебіміздің инстаграм парақшасына жүктелді. Кім көп лүпіл жинады соларға жүлде орындары беріліп сыйлықтар таратылды. Бұл іс-шараларда оқушыларды мейірімділікке, адамгершілікке, кішіпейілділікке тәрбиелеу мақсатында және өз отбасының абыройын асыру, асқақтату аясында.



«Абай-дана, Абай-дара» атты Ұлттық мүдде тәрбиесі бойынша Абайдың рухани –адамгершілік мұрасы – оқушылардың патриоттық және адамзаттық тәрбиесінің негізінде өлең шумақтарын оқу, эссе жазу.



Зиянды әдеттен аулақ бол! атты дөңгелек үстел бастауыш сыныппен бөлек, жоғарғы сыныппен бөлек өткізіледі. Оқушыны мейірімділікке,кішіпейілділікке, инабаттылыққа тәрбиелеу мақсатында.



«Зорлық зомбылыққа жол жоқ!» атты тәрбие сағаты 1-11 сынып оқушылары арасында сынып жетекшілерімен бірге. Балалар жарақатының алдын алу бойынша ата-аналар жиналысында балалардың жолда, көшеде, үйде жалғыз қалған кездегі қауіпсіздігін сақтау жөнінде кеңестер айтылды және әр апта сайын мектептің әлеуметтік желісіне қауіпсіздік жайлы видеороликтер салынып тұрады. «Сақ болыңыз: нашақорлық!» атты 5-11 сынып оқушылары арасында сурет салу, әңгіме жүргізу. Білім беру мекемелерінде санитарлық-гигиеналық

талаптарды сақтау жөнінде мониторингі үнемі жүргізіліп отырады. Іс-шаралады өткізу кезінде қауіпсіздік шаралары талаптарға сай орындалып отырды.



Күнде тәңертеңгі сағат 08.15. те таңғы жаттығу болады. Оқушылардың денесін шынықтырып, сымбатты болып өсу мақсатында. Оқушы сергек, көңіл күйі көтеріңкі болып жүреді. Жаттығу жүргізуші кезекші сынып.



27-қыркүйек Дабыл қағу кнопкасын тексеру мақсатында және «сақтықта қорлық жоқ» - дегендей оқушыларды дабыл қағу кезінде дұрыс шыға білуге үйрету үшін дабыл қағылып жаттығу жүргізілді.



<https://www.instagram.com/reel/C2esL7ptde4/?igsh=NjZiM2M3MziNA==>



03.10.23 Ұстаздар күніне орай «Оқуға құштар мектеп» жобасында «Ұстаз сіздің алдыңызда қарыздармыз!» атты іс-шара. Әр оқушы ұстаз туралы нақышына келтіріп өлең шумақтарын оқиды. Ұстаздар күнінен арналған құттықтау күні. /ашық есік/ Дублер күнін өткізу. Оқушылар өзін-өзі басқару жұмысын жүргізеді. Оқушыларды тәртіпке, өз жұмыстарын басқара білуге үйрету мақсатында.



Ұстаздар келгенде құрмет көрсетіп ыстық ықыласпен қарсы алды және ұстаздар 10-11 сынып оқушылары болып отырғызылды.



05.10.2023 Ұстаздар күніне орай «ҰСТАЗЫМ МЕНІҢ ҰСТАЗЫМ» атты мерекелік іс-шара өтеді. Оқушылардың бастауымен ән, би, көріністер қойылды. Өте тамаша көрініс болды.



<https://www.instagram.com/reel/C2esL7ptde4/?igsh=NjZiM2M3MziNA==>

06.10.2023.

Ұстаздар күні жалғасады «МЕНІҢ СҮЙІКТІ ҰСТАЗЫМ» атты видеоролик әр оқушы және сынып болып өздерінің сүйікті ұстаздарына арнап видеоролик жасап оны инстаграмға салады одан кім көп лүпіл жинаса сол жеңімпаз болады байқауының қорытындысын шығару.



10.10.2024. Ата-аналасының қамқорлығынсыз қалған балалармен әңгіме жүргізу. Оқушылармен «Мен, сен, ол, біз бірге берік отбасымыз» тақырыбында әңгіме өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың отбасы туралы түсініктерін кеңейту. Өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету. Оқушыларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, өз ойын жеткізе білуге тәрбиелеу.



Талап тәрбие бағдарламасына орай «Таза ауыл, таза сынып» тақырыбында Оқушыларды ұқыптылыққа, тазалыққа шақыру мақсатында және басқа біреудің еңбегін құрметтеуге үйрету мақсатында мектеп ауласында не сыныбында қисайып қалған затты түзеп қоюға. Артық жатқан затты көтеріп қоюға үйрету.



13.10.2024. Күздің кереметтерінен көрме ұйымдастыру «Күз сыйы» атты көрме сайысы 0-4 сынып оқушылары арасында жасады. Бастауыш сынып оқушыларының мұғалімдері мен ата-аналардың ұйымдастыруымен «ЖӘРМЕҢКЕ» дайындалды. Жәрменке өте керемет, әрі қызықты болды.



Күзгі бал іс-шара өткізу «Алтын күз» атты сайыс 5-11 сынып оқушылары арасында өткізілді. Осы орайда жылда дәстүрлі мерекеге айналған күзгі байлығымызды дәріптеу, алтын күзімізді мерекелеу мақсатында, оқушыларды ырыс, берекемізді құрметтеу мақсатында сайыс өтті.



<https://www.instagram.com/reel/C2esL7ptde4/?igsh=NjZiM2M3MziNA==>

«Күз сыйы» көрмесінен өте жақсы жасалған оқушыларды марапаттау жасалды. Таңдау жасау өте қиын болды себебі барлық оқушылардың жасаған заттары бірінен-бірі асқан болды. Күзгі кеш өте жақсы өтті.



16.10.2024ж Республика күні аясында оқушылармен ЧЕЛЛЕНДЖ ӨТКІЗУ жалпы мектеп болып, ол челленджді «Олжабай батыр мектебі» КММ ауылының мектебіне және «Еркіншілік жалпы орта білім беретін мектебі»КММ мектебіне жолдаймыз.



Республика күні аясында оқушылар арасында «Менің арманымдағы Қазақстан» атты эссе байқауы өтті, оқушылар өз Отаны, өз туған жерлірі туралы өте жақсы жеткізіп жазған. Соңынан бағаланды. Бұл жерде оқушыларға өз елін, жерін сүйуге, құрмет тұтуға шақыру мақсатында.



Патриоттық акция мәнерлеп оқу сайысы «Менің елім – Қазақстаным!» «Отан», «Туған жер», «Республика», «Қазақстан» тақырыбында өлең шумақтарын нақышына келтіре оқытылды. Оқушылардың туған жеріне деген сүйіспеншіліктерін оқыған өлеңдерінен де байқауға болады. Оқушыларды үлкенді сыйлауға, ата-ананды құрметтеуге, мұғалімнің тілін алуға шақыру. Отбасында дұрыс тәрбие ала білуге шақыру. Өмірдің әрбір құбылысын түсініп көңілге тоқып, Отансүйгіш патриотты азамат тәрбиелеу мақсатында.



19 қазан 2024. Шығармашылық жұмыс 1-5 сынып оқушыларының арасында Республика күніне орай суреттер салды, 6-11 сынып оқушыларымен Қазақстанның Егемендікке қол жеткізуіне арналған «Тәуелсіз елім– Қазақстан!» атты көрме сайысы өтті.





Қазақстанның Егемендікке қол жеткізуіне арналған тақырыпта кітапханашының көрмесі ұйымдастырылды. Оқушылар Қазақстан Егемендікке қалай қол жеткізгендіктері туралы көптеген мағлұматтар алды.



Республика күніне орай Мемлекеттік гимнді жаппай орындау
«Патриотизм дауысы» челленджі өтті. Бала-Отанымыздың келешегі, біздің жалғасымыз. Сондықтан бала тәрбиесі- баршамызға ортақ іс. Әр ата-ана өз баласын еліне, халқына шын берілген, халқын құрметтей алатын, білімді,

еңбексүйгіш, жан-жақты жетілген азамат етіп тәрбиелеуді борышы деп есептеу керек.


Республика күніне орай «МЕНИҢ РЕСПУБЛИКАМ » атты КОНЦЕРТ кең көлемде тамаша өтті.



[https://www.instagram.com/reei/C2esL7ptde4/?igsh=NjZiM2M3Mzi\[NA==](https://www.instagram.com/reei/C2esL7ptde4/?igsh=NjZiM2M3Mzi[NA==) Қарттар күніне орай «ҚАРТТАРЫМ – АСЫЛ ҚАЗЫНАМ» атты іс-шара өтеді. Қарттар күнінен орай қарты бар үйлерге барып көмек көрсету, сый құрмет көрсету. Ұлдар дала жұмысын, қыздар үй- іші жұмысына көмектесті.



Қарттар күні жалғасады «ҚАРТЫ БАР ЕЛДІҢ ҚАЗЫНАСЫ БАР» атты сұхбат жүргізу. Қарттар күніне орай оқушылар ата-әжелерімен үй шаруасында қалай көмек көрсететінін және ата-әжелерімен бос уақыттарын қалай өткізетіндері туралы айтып берді, Ата-әжеге деген құрмет көрсету мақсатында.



Келесі демалыс кезінде оқушылармен шығармашылық жұмыс жүргізілді, әр түрлі тақырыпта. 1-4 сынып оқушыларымен «Болашақтағы біздің ауыл» тақырыбында сурет салу, шығарма жазу.



3.Білім беру ұйымдарындағы сынып жетекшілермен кездесіп мектепшілік әр түрлі жұмыс жоспарлары туралы ақылдасып отыру.



4. Асық ату челленджі ұлттық ойынды дәріптеу мақсатында. Оқушылардың адамгершілік, патриоттық және мәдени мұрасын сақтау мақсатында.



Ата-аналармен мектеп жантанушы тренинг өткізді, мақсаты ата-ана мен ұстаздар арасындағы қарым-қатынасты нығайту.



Ата-ана, сынып жетекші, көркем еңбек мұғалімі болып қазақтың көне қолөнер жұмысын көрсету, мақсаты көне өнерлерімізді жоғалтпай жандандыру.



Ұлдар мен қыздар ұлттық бұйымдарымызды нақыштап мұғалімдерімен бірге тамаша қолөнер бұйымдарын көрсете білді. Оқушылар өте жақсы қызығушылықпен қатысты.



5. Келесі кезекте Ұлттық мүдде тәрбиесі құндылықтарын насихаттау мақсатында «Абай дана» атты кітапханашы көрме жасады.



ЧЕЛЛЕНЖ –өткізу Біз темекі шегуге қарсымыз! «Еркін тыныс ал» видео жасап челленджді ауданға жіберілді, инстограм желісіне салынды.



Абай Құнанбаев қара сөздерінен жаттап мағнасын түсіндіру, сайысы. /дөңгелек стол/ өткізілді. Абай Құнанбаев әндерінен жаттап нақышына келтіріп айту сайысы. Жақсы айтқан оқушыларға жүлделі орындар берілді. Абай әндерінен, қара сөздерінен сабақ арасында да, сабақтан тыс уақыттарда да оқушыларға ақыл- кеңес беріліп отырады, мақсаты оқушыларды Абай атамyzдың ұрпақтары үшін қалдырған үндеу сөздерін түсіндіру арқылы адалдыққа, еңбекқорлыққа, сүйіспеншілікке тәрбиелеу мақсатында. «Бұрымды қыз» челленжісіне қатысу. Қаз балаларды шаш гигиенасымен, шаш өсіру, шаш күту, шолпы тағу деген не екені туралы түсінік беру. Өз ойларымен бөлісу.



«Бұрымды қыз» /дөңгелек стол/ қыздармен шаш күтімі туралы слайт көру әңгіме бөлісу, мақсатымыз қыз балаларды шаштарын жалбыратпай, жинап жүруге нағыз қазақтың қыздары осындай болады деп бұрыммен жүруге, шолпы тағып оның мағнасын білуге үйрету.



27.11.2024. Әр дүйсенбі сайын әнұран орындалады, оқушыларды патриоттық сезімге баулу мақсатында. Мемлекеттік рәміздерімізді құрметтеу мақсатында.



«Таза сынып, таза парта» атты мектеп бойынша челлендж өткізу. Оқушыларды өздері отыратын жерлерін таза ұстауға, ұқыптылыққа үйрету.



Ұлдармен «Әке балаға сыншы», «Әкелі бала жаужүрек, Әкесіз бала сұмжүрек» атты челлендж өткізу. Ұлдарға ержүректілікке, еңбекқорлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу мақсатында.



«Әке жүрегі таудан үлкен, Ана жүрегі теңізден терең» атты отбасылық сайыс өткізу. /үлгілі отбасы екенін көрсету, не отбасылық өнерлерін көрсету/. Оны инстограмм желісіне салу.



<https://www.instagram.com/reel/C2esL7ptde4/?igsh=NjZiM2M3MziNA==>

05.12.2024 Тарих пен тілді байланыстыра отырып оқушылармен әңгіме жүргізу. Оқушылармен салт-дәстүріміз туралы әңгімелесу, сұрақ-жауап алу. Тарих сабағынан оқығандарын естеріне салу.




«Біздің ауыл болашақта қандай болады» сурет және шығарма жазу сайысы. Оқушылардың жұмыстарын инстограмм желісіне салып отыру.



Білім алушыларға өзінің жеткен жетістіктері мен болашағы туралы шығарма жазу. Өр баланың болашақта қандай ой қиялдары бар екенін анықтау.



Шығармашылық жұмыс әр түрлі тақырыпта. 1-4 сынып оқушыларымен «Болашақтағы біздің ауыл» тақырыбында сурет салу, шығарма жазу.



«Тәуелсіз ел бақыты» тақырыбында дөңгелек стол. Оқушыларға Тәуелсіздіктің бізге қалай келгені туралы түсінік беру, интерактивті тақтадан «Тәуелсіз ел бақыты» атты видеоролик көрсету арқылы оқушылардың Қазақстан Республикамыздың қалай өсіп, өркендеуін көрсету. Еліне деген сүйіспеншіліктерін арттыру.




«Қазақ елі» тарихымен танысу. Тарих пәнінің мұғалімдері 5-11 сынып оқушыларына қазақ елінің тарихы туралы мағлұмат беріп өтті. «Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!» Әр бала қандай да еңбек етсе оны өз елі, Отаны үшін атқарып жатқанын сезіне білу керек. Осы мағнаны оқушы санасына жеткізе білу керек. Оқушылармен осы жөнінде тәлімгер, тәрбие ісінің

орынбасары мен психолог дөңгелек стол жүргізілді. Сұрақ-жауап алынды, оқушылардың алған жетістіктері туралы талқыланды.



19.12.2024. «Мен Тәуелсіз ел ұланы» атты сайыс өлең шумағын айтып сайысты. Ондағы мақсаты оқушылардың еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру және өлең шумақтарын нақышына келтіріп айтуға дағдыландыру.



Мектепшілік пән олимпиадасы өтті. 5-11 сынып оқушылары әр түрлі пәннен қатысып жүлделі орындарға ие болды. Аудан бойынша өткен пән олимпиадасына да қатысып екінші және үшінші орындарға ие болды.



20.12.2024 Білім беру ұйымдарындағы сынып жетекшілермен кездесіп жаңа жыл жоспарлары туралы ақылдасу. Жаңа жылды көңілді өткізу әрекеттерін ойластыру, жоспарларын ақылдаса отырып құру.




Жаңа жыл шырша тойын өткізуге дайындық жоспарын құру. Жаңа жылды көңілді өтуіне атсалысу, әр түрлі қызықты ойындар ойнату туралы ойластыр. Әр сынып жетекші көңілді өтуіне сыныптарымен номер дайындау.

22.12.2024 Тренинг өткізу арқылы үштік одақ ұйымшылдығын нығайту.



Үштік одақ болып үнемі жұмыс жасап отыру, ата-аналар мектеп өмірімен таныс болу мақсатында. Оқушы, ата-ана, мұғалім үнемі тығыз байланыста болуып бірге жұмыс істеп отыру.

25.12.2024 Жаңа жыл мерекесіне қарсы мектеп алаңы безендірілді. Әр сынып әр жыл мезгілінің бейнесін қардан жасау сайысын өткізді. Бұл сайыстан бастауыш сынып мұғалімдері оқушыларымен өте жақсы белсенділік танытты. 1-сынып бірінші орын, 2-сынып екінші орын, дайындық тобы үшінші орынға ие болды. Әр түрлі сыйлықтармен марапатталды.



26.12.2024 Жаңа жыл мерекесіне қарсы мектепшілік безендірулер өткізу. Шырша тойы екенін сезіну мақсатында. Бұл сайыстан барлық қабаттағы мұғалімдер мен оқушылар өте жақсы белсенділік танытты. Әйтсе де үшінші қабат бірінші орын, бірінші қабат екінші орын, екінші қабат үшінші орынға ие болды. Барлығы әр түрлі сыйлықтармен марапатталды. Бұл сыйлықтардың барлығы демеушілердің арқасында алынды. Қамқорлық жетекшілер көмекшілер кеңесінің төрағасы Акимов Бекім Серікұлының ұйымдастыруымен Осы жаңа жыл мерекесін өткізуге көмектерін берді, барлығына үлкен алғысымызды білдіріп, отбасына амандық, істеріне береке берсін дейміз!



Жаңа жылдық бастауыш сынып ертеңгілігін өткізілді, сыныптарын безендірді. Аяз-ата, ақшақар келіп, қызықты сценарилері оқушы есінде қаларлықтай көңілді өтті, оқушыға тамаша әсер қалдырды.



Жаңа жылдық жоғарғы сынып оқушыларының шырша тойын өткізілді, сыныптарын безендірді. Соңынан жаңа жыл дастарханы және би кеші өтті. Жаңа жыл оқушыларға өте жақсы ұнады, көңілдерінен шықты.



09.01.2025. Оқушылар арасындағы қарым- қатынас, әңгіме жүргізу. Оқушылармен «Мен, сен, ол, біз бірге берік доспыз» тақырыбында әңгіме өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың ұстаз, оқушы туралы түсініктерін кеңейту. Өз достары, ұстаздары туралы әңгімелеуге үйрету. Оқушыларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, өз ойын жеткізе білуге тәрбиелеу.



«Туған өлке» тақырыбында әр сынып жеке видеоролик дайындау. Инстаграм парақшасына салып лүпіл жинау. Талап тәрбие бағдарламасы бойынша «Таза ауыл, таза сынып» тақырыбында Оқушыларды ұқыптылыққа, тазалыққа шақыру мақсатында және басқа біреудің еңбегін құрметтеуге үйрету мақсатында мектеп ауласында не сыныбында қисайып қалған затты түзеп қоюға. Артық жатқан затты көтеріп қоюға үйрету ЧЕЛЛЕНДЖДІ әрі қарай жалғастыру. Уақытты белгілеп жасалады әр бейсенбі сайын. Басқа мектептерді инстаграмнан бақылап байланыста болады. ЧЕЛЛЕНДЖДІң жылжу бағытын бірге қарап отырды.



«Мен оқыған бір ертегі» тақырыбында кітапханашымен іс-шара өткізу. Кітапханашы бастауыш сынып оқушыларымен жеке, 5-6 сынып оқушыларымен жеке оқыған ертегі кітаптарын ортаға салу, сурет салу.



15.01.2025. Ата-аналармен кездесу өткізу, ұсыныс жоспарлары болса ортаға салу. Тақырыбы: **«Жасөспірімдер арасында болып жатқан көріністер»** бойынша ата-аналармен ой-пікерлерін ортаға салып талқыға салу. Мақсаты: Үштік одақ болып баланы жақсы жағынан тәрбиелеп білім, білік дағдысын игерген жеке тұлға тәрбиелеу.



Тренинг өткізу арқылы үштік одақ ұйымының ынтымағын нығайта түсу.



«Адал дос» тақырыбында видеоролик дайындау, фотоколлаж жасау. Оқушылардың қарым-қатынастарын, ынтымақтастығын жақсарту және іс-қимыл жағынан бір-біріне көмектесіп тұруды қалыптастыруға жәрдемдесу.



<https://www.instagram.com/reei/C2esL7ptde4/?igsh=NjZiM2M3MziNA==>

«Дос болайық»

тақырыбында сурет салу, шығарма жазу. Бастауыш сынып оқушылары достық тақырыбында сурет салу, 5-10 сынып оқушылары шығарма жазу. Оқушылар шығарманы өте жақсы жазды, шығармаларына қарап оқушылардың достық туралы түсінектері жақсы екендері байқалды.



<https://www.instagram.com/p/C2fTi7uNrOb/?igsh=NjZiM2M3MzIxNA==>

«Менің оқыған

ертегім» сыныптасымен бөлісу. Білім алушылардың кітап оқу мәдениетін дамыту және оқуға құштар, белсенді кітап оқуға тарту мақсатында: Кітапханашы бастауыш сыныптармен оқыған ертегілері бойынша сыныптастарымен бөлісуге көмектесу, 5-6 сынып оқушыларымен оқыған ертегілері бойынша көрініс қойып үйрену. Сахналық бейімділіктерін қалыптастыру. 12-қаңтар өткізілген ертегілері бойынша қорытынды жасау.



22.01.2025 Әр дүйсенбі сайын Әнұран орындалады, оқушыларды патриоттық сезімге баулу мақсатында. Мемлекеттік рәміздерімізді құрметтеу мақсатында.



«Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» Мақал-мәтел сайысын өткізу. Оқушыларды әдемі мақалдап сөйлей білуге, мақалды қолдана білуге үйрету мақсатында. Сөздің төркінін түсіне білуге дағдыландыру. Топ болып сайысу. Қолдау көрсетіп, қызығушылықтарын арттырып отыру.



«Қазақ даласының ұлы тұлғалары» Бір ұлы тұлғаны алып зерттеу жұмысын жүргізу. Тұлғалы адамдарды білу мақсатында.
«Дос болайық»
тақырыбында сынып сағатын өткізу, айлық жоспар бойынша.



<https://www.instagram.com/reel/C2fZ7wONuE-/igsh=NjZiM2M3MzIxNA==> «ҚАЗАҚ ЕСЕБІ»
ЧЕЛЛДЕНДЖ. Білім алушылардың математикалық есептерді шығаруға деген қызығушылықтарын ояту. Математикалық білімнің өмірмен байланысын көрсете білуге үйрету. Білім алушылардың зияткерлік қабілеттерін дамыту.



«Дос бол» дөңгелек стол. Оқушылармен достыққа берік болу туралы әңгіме жүргізу, достар арасында болған қызықты оқиғаларын естеріне түсіру.
«Ауған соғысы» туралы
айлық өтіп жатыр Жас әскери дайындық жетекшісі Садвакасов Руслан Аманбайұлының ұйымдастыруымен. Барлық сыныпта сынып сағаты өтті, Ауған соғысына қатысқан ауыл азаматтарымен таныстырылды. Ол кісілердің ерлігін білу, құрметтеу мақсатында.



31.01.2025. Асхананы бақылау жұмысын жүргізі. Тегін тамақтанатын оқушыларға тамақ ішу барысында өзін-өзі қалай ұстау керек екендігі туралы ережелермен таныстырылды:

-Тамақ ішіп отырып сөйлеспеу.

Асықпай ақырын ішу.

—
—

Ауызыңды толтырмай ақырын жеу.

Әрқайсысының ауыз сүртетін орамалы болуын айтып өту.

01.02.2025. «Достың да досы бар» тақырыбында бастауыш сыныптар арасында тренинг.

Оқушылардың қарым-қатынастарын, ынтымақтастығын жақсарту және іс-қимыл жағынан бір-біріне көмектесіп тұруды қалыптастыруға жәрдемдесу мақсатында.



<https://www.instagram.com/reel/C2y5uPONFzm/?igsh=NjZiM2M3MzIxNA==> «Достық- біздің тірегіміз» тақырыбында таза ауада саяхат жасау. Оқушы, ұстаз, арасындағы түсініктерін кеңейту. Өз достары, ұстаздары туралы әңгімелеуге үйрету. Оқушыларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, өз ойын жеткізе білуге тәрбиелеу.



Киелі домбыраны дәріптеу. Ұлттық домбырамызды дәріптеу мақсатында жас буындар арасында ұлттық домбырамызды ұлықтай отырып өнер құндылығын сақтай білуге шақыру.

Домбырасыз қазақ өнерін елестету мүмкін емес екенін түсіндіре отырып, күй аталарымыз Құрманғазы, Тәтімбет, Дина, Нұрғиса күйлерімен таныстырып, «Былқылдақ», «Адай» «Ерке сылқым» күйлерін тыңдату. «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ домбыра» деген қанатты сөздің төркінін түсіндіру. Өздеріне тартқызу. Домбыра құрылысымен таныстыру.



Мектеп медбикесімен кездесу «Тазалық гигиенасы» тақырыбында көрсетіп әңгіме бөлісті, мақсатымыз оқушыларды әдемі болып, жалбыратпай, жинап жүруге нағыз қазақтың ұл-қыздары осындай болады деп бұрыммен жүруге, шолпы тағып оның мағнасын білуге үйретілді. Ұқыптылық пен тазалықты әдетке айналдыруға үйрету.

«Ауған соғысы» туралы айлық жоспары бойынша «Ал қане, Ұлдар» сайысын өткізу. Жас

әскери дайындық жетекшісі Садвакасов Руслан Аманбайұлының ұйымдастыруымен . Барлық сыныпта сынып сағаты өтті, Ауған соғысына қатысқан ауыл азаматтарымен таныстырылды. Ол кісілердің ерлігін білу, құрметтеу мақсатында.



«Спорт біздің досымыз» Эстафеталық ойын «ДосболLIKE» жоспарына сәйкес 6-7-сынып оқушылары арасында сайыс өтті.



Ақмола

жұлдызы» атты іс-шараға мектеп ішінен де байқауға қатысты.



«Туберкулезге жол жоқ» айлыққа қатысу тақырыбында баяндама мектеп медбикесі Мусина Жұмагүл оқыды, презентация көрсетті. Оқушыларға аурудың жолын алу туралы түсінік берілді.

«Әке асқар-тау» Әкелер мерекесіне орай 2-3 сынып жетекшілері Хамитова.Л Жумабекова.Н ашық тәрбие сағатын өткізді. Өте жақсы көрініс болды. Әкелер мектепке келіп топқа бөлініп тамаша сайыс болды.



«Отбасы- шағын мемлекет» тақырыбында пікірталас 7-8- сынып оқушылары арасында өтті. Өте жақсы пікірталас болды.

«Алғыс айту» күніне орай сыныптар арасында тренинг өтті. Мектептегі барлық ұжым бір- біріне өз алғыстарын білдірді. Өзін-өзі басқару ұйымының оқушылары мектеп бойынша қызықты ойындар жүргізді.



Әр

дүйсенбі сайын Өнұран орындау , оқушыларды патриоттық сезімге баулу мақсатында. Мемлекеттік рәміздерімізді құрметтеу мақсатында.



«Аяулы анашым» тақырыбында 1-4 сынып оқушылары өз аналарына арнап мерекелік концерт қойды және балабақшада да керемет концерт өтті.



«Ана-өмір шуағы» тақырыбында 2- сыныпта аналарына арналған мерекелік концерт өтті. Концертке оқушылардың аналары шақырылды.



«Анашым менің ардағым» тақырыбында Аяулы аналарға арналған мерекелік мектепшілік үлкен концерт өтті. Концерт өте керемет жоғарғы деңгейде өтті. Аналар концерттен соң риза болып, өте жақсы көңіл күйде үйлеріне қайтты.




<https://www.instagram.com/reel/C4YeTftN4k/?igsh=NjZiM2M3MzIxNA==> Наурыз мерекесіне дайындық, мұғалімдермен ақылдасып жоспар құру. Қазақтың үлкен мерекесі Наурызды бірлесе отырып тойлау туралы ақылдасу. Мұғалімдер ұйымшылдықпен құрылған жоспарға келісті.



«Көрісу» күні мен Наурыз мерекесіне орай «Амал күні» екеуі екі күн өтті. Бұл екеуі екі түрлі айтылғанымен бір мағнаны білдіреді. «Қыстан аман-есен шығып бір-бірімен құшақтасып көрісу, қонақтап келген кісіге дастархан жайып қонақ қылу. Ел аралап Жарапазан айту» - екенін түсіндіру, көрсету.



«Спорттық сайыс» күні. Қазақтың спорт түрлерімен таныстыру, ойнату жұмысын мектеп денешынықтыру мұғалімдері: Руслан Аманбаевич пен Саят Боранбаевич жүргізді. «Асық ату», «Бес асық», «Күрес», «Қол тірес», «Арқан тартыс» сияқты ойындар ойнатылды.



«Ұлттық киімді насихаттау» күні. Оқушыларға ұлттық киімізді құрметтеуге және мақтан тұтып киіп жүруге үйрету мақсатында наурыз бойы мектепке ұстаздар, оқушылар және жұмыскерлер ұлттық киім киіп жүруді талап етті. Барлығы қуанышты әсермен киіп жүрді.



<https://www.instagram.com/reel/C4-WmmOtc6g/?igsh=NjZiM2M3MzIxNA==>

«Ұлттық тағам күні» Бұл күні әр сыныпта ұлттық тағам түрлерімен дастархан жайылды. Тағам түрлерімен таныстырылды. Өзін-өзі басқару ұйымы «Бір құрт- бір мақал » ойынын мектеп бойынша ойнатты, ойын өте қызықты болды. Барлық жүргізілген іс-шаралар инстаграмға салынды.



Ерейментау ауданы бойынша 8-9-10 сынып оқушылары арасында «Қыз сыны» өтті. Біздің мектептен Арбабаева Гүлназ 9-сынып оқушысы қатысып ІІ-орынға ие болды. Мектепшілік «Қыз сыны» байқауы да болды, төрт қыз қатысты, өте жақсы болды. Қыздарға марапаттау мен сыйлықтар берілді.



Мектепте үлкен «Наурыз- Думан» атты мерекелік концерт өтті. Концертте керемет әндер шырқалып, салт-дәстүрлер көрсетілді. Наурыз мерекесіне орай мектептің іші-сырты түгел безендірілді. Наурыз көже таратылды. Әр сыныпқа бөлініп берілген салт-дәстүрлер өте жоғарғы деңгейде ата-ана-оқушы-ұстаз болып ұйымшылдықпен дайындалып мереке екені сезіліп өте жақсы өтті. Әр салт-дәстүр бірінен-бірі асқан керемет болды.



<https://www.instagram.com/reel/C43a7XSN9WD/?igsh=NjZiM2M3MzIxNA==>

«Күлкі күні» Оқушылар бір-бірін алдап күлкі сыйлады. Оқушыларымыздың жүздерінен күлкі кетпесін. Әрқашан қуанышқа толы болсын.



"ТӨРТ ТОҚСАН-ТӨРТ ӨНЕР" жобасы аясында өткен ШАХМАТ ойнау ЧЕЛЛЕНДЖІ өтті. Оқушы, ата-ана, ұстаздар болып қатысты.




<https://www.instagram.com/reel/C52vNJRopuf/?igsh=NjZiM2M3MzIxNA==>

«Аутизм туралы не білеміз?» тәрбие сағаты өтті. Инклюзивті айлық шеңберіндегі іс-шаралар, дүниежүзілік аутизм мәселесі туралы ақпаратты тарату күніне орай айлық жұмыс жүрді.



<https://www.instagram.com/reel/C5mkSN-IWm5/?igsh=NjZiM2M3MzIxNA==> Аутизм айлық шеңберіндегі іс-шаралар бойынша Дүниежүзілік аутизм мәселесі туралы «Балалар аутизмі» тақырыбында кітапханашы баяндама оқыды және көрме жасады.



Инклюзивті балалар денсаулығы мен психологиялық – педогогикалық қолдаудағы ролін түсіндіру мақсатында жүргізілген іс-шаралардың бірі спорттық ойындар өтті. Оқушыларды ынтымақтастыққа, сыйластыққа шақыру және көтеріңкі көңіл күй сыйлау мақсатында әр түрлі спорттық сайыстар өтті.



08.04.2025 Әр дүйсенбі сайын әнұран орындалады, оқушыларды патриоттық сезімге баулу мақсатында. Мемлекеттік рәміздерімізді құрметтеу мақсатында.




Инклюзивті айлық шеңберінде дайындық тобы «Зоопарк ойыны» іс-шарасын өткізді. Оқушылар ойынға өте белсенді түрде араласты. Оқушылардың қабілеттері жақсы екені байқалды.



Ата-аналарға арналған Ерейментау ауданы бойынша «Отбасылық құндылықтарды қалыптастыру» тақырыбында аудандық тәжірибелік семинарға қатысып, мектептен өнер қырандарын алып барып көрермендерді тамаша ризашылыққа бөледік. «Үштік одақ» жобасы бойынша өткен іс-шара.



https://www.instagram.com/reel/C5puG_1tOED/?igsh=NjZiM2M3MzIxNA== Аудандық кәсіподақ ұйымының ұйымдастыруымен «Екі жұлдыз» сайысына қатысып, мектеп ән сабағының жетекшісі: Мәди Қаппасұлы мен Жансая Қыдырбайқызы «Бас жүлде» марапатына ие болды.



«Авиация және Ғарышкерлер күні» өзін-өзі басқару ұйымы барлық оқушылар арасында тамаша іс-шара өткізді. Ребустар шешіліп, сұрақ-жауаптар алынды. Оқушылар қызыға қатысты.



<https://www.instagram.com/reel/C5g0qHntW7x/?igsh=NjZiM2M3MzIxNA==>

Ар-Ұят құндылығына байланысты «Достық-көмекпен мықты» іс шарасы өтті. Мақсаты оқушыларды достыққа, бірлікке, ұйымшылдыққа шақыру.



«Қоқыссыз ауыл» атты акция өткізу. Өзін-өзі басқару ұйымының тимуровшылық командасы қарт адамдардың үйіне қар тазалауға барды. Үлкенге құрмет-кішіге ізет насихатын ұстану мақсатында.



Талап тәрбие құндылығы бойынша «Таза ауыл-таза сынып» әр бейсенбі сайын өткізіліп отырды. Оқушылар әр бейсенбі өткізілген сайын әдетке айналдырып, үнемі гүлдерді суарып, тақта-парталарының тазалығына көңіл бөліп отырды. Сынып тазалығы бақылауда болды. Онымен қоса ауланы да таза ұстау керек екендігі тыста қалған жоқ.




«Үштік одақ» жобасы аясында тренинг өтті. Жантанушы ата-аналармен тренинг өткізіп, ашық есік күнін жасады.



22.04.2025 Әр дүйсенбі сайын әнұран орындалады, оқушыларды патриоттық сезімге баулу мақсатында. Мемлекеттік рәміздерімізді құрметтеу мақсатында.



«Талап» құндылығына байланысты тәрбиелік мәні бар «Мен елімді сүйемін» тазалық күні ұйымдастырылды. Ата-ана, ұстаздар болып аула тазаладық.



<https://www.instagram.com/reel/C2y5uPONFzm/?igsh=NjZiM2M3MzIxNA==>

«Үштік одақ» жобасы аясында «Мен және менің отбасым» шығарма жазу. Оқушыларды ата-анасын сүйуге, құрмет тұтуға үйрету. Ата-ана - сенің алтын қазынаң екені туралы түсінік қалыптастыру.



«Өз туған жеріме саяхат» Туған жерлерімен танысу, білмейтін жерлері туралы тарихымен таныстыру. Өз елдері туралы толық мағлұмат алуларына жағдай жасау, аралап таныстыру. «Қазақстан халқының бірлігі күні». Сынып сағаты өткізілді оқушыларды достыққа, ынтымақтастыққа тәрбиелеу мақсатында. "Бейбітшілік – ел тілегі " 1-Мамыр халықтар достығы күніне орай әр сынып әр ұлттың салт - дәстүрі, ұлттық киімдері, өнерін көрсетіп өте тамаша өнер көрсетті.



<https://www.instagram.com/reel/p/C6br44FNH2o/?igsh=NjZiM2M3MzIxNA==>

Отан қорғаушылар күні «Ұранды ердің-ұрпағы қайсар» тәрбие сағаттары өтті. Жас әскери дайындық жетекшісі: Садвакасов Руслан Аманбайұлының дайындығымен оқушыларды сапта жүру өнері көрсетіліп мектепшілік сайыс өтті және ауданға «Сап түзеу» өнерімен сайысқа қатысып 2- орынға ие болып келді. Оқушылар грамота, сыйлықтармен марапатталды.



<https://www.instagram.com/reel/C6m65bF0-Or/?igsh=NjZiM2M3MzIxNA==>

6- мамыр "ТӨРТ ТОҚСАН-ТӨРТ ӨНЕР" жобасы аясында өткен «Жаңа Қазақстан - таза Қазақстан» атты ағаш егу ЧЕЛЛЕНДЖІ өтті. Оған 9-10-11 сыныптың оқушылары қатысты. Мектеп түлектері ағаш отырғызды.



<https://www.instagram.com/reel/C6neYHdNygH/?igsh=NjZiM2M3MzIxNA==>

«9- мамыр –Жеңіс күні Ұрпақтар ұмытпайтын ұлы Жеңіс» тәрбие сағаты өтті. «Ер есімі- ел есінде» ескерткішке апарып гүл шоқтары қойылды.



15-мамыр

Отбасы күніне байланысты «Ұлттық мүдде» тәрбиесі құндылықтары бойынша «Менің отбасым» атты видеоролик жасап инстограмға жүктеу. Әр ата-ана өз отбасының фотоколлажын жасап соларды жинақтап видеоролик жасалады.



https://www.instagram.com/reel/C6_SZCFNVve/?igsh=NjZiM2M3MzIxNA==

«Менің достарым» тақырыбында спорттық сайыс ойыны өткізілді. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері оқушыны ынтымақтастыққа, достыққа баулу мақсатында көңілді сайыс өткізді.



«Таза аула, таза мектеп» акциясы бойынша сынып тазалығы мен мектеп ауласын таза ұстау сайысы өтті. Тазалыққа, ұқыптылыққа, сыйластыққа және құрмет көрсету мақсатында. 17.05.2025 «Мен оқушы боламын» атты дайындық тобының дайындықпен қоштасу және «Қош бол бастауыш» атты кеші өтті. Оқушылар керемет өнер көрсетті. Ата-аналар қатысып тамаша кеш болды.



Ар-Ұят құндылығына байланысты 5-10 сынып оқушылары «Ұстаз – мектеп жүрегі» атты шығарма жазды. «Мен-Мектеп-Ұстаз» тақырыбында ата-аналармен жиналыс өткізілді. Жиналыста жыл бойы өткізілген жұмыстардың қорытындылары, алғыстар білдіріліп, марапаттар мен сыйлықтар берілді. Оқушылардың қауіпсіздігін бақылау қатаң ескертілді. Келесі оқу жылында «ата-ана-ұстаз-оқушы» болып үштік одақ ұйымшыл түрде бірлесе жұмыс істейтіні айтылып кетті.



«Гүл жайнамай, бұлбұл сайрамайды» мектеп ауласына гүл отырғызу. Мектеп ауласын гүлдендіріп гүлдер отырғызылады. Мектебімізді көріктендіріп, құрмет тұту мақсатында. Талап тәрбие құндылығы бойынша «Үштік одақ» жобасы аясында тренинг өткізу. Демалыс кезіндегі қауіпсіздік туралы жиналыс өткізілді.



<https://www.instagram.com/reel/C7WUWTctl8O/?igsh=NjZiM2M3MzIxNA==>

Талап тәрбие құндылығы бойынша «Білімім-Отаныма» тақырыбында сынып сағаттары өтті. Оқушыларға білім ең басты құралы, келешектегі нәрі екені түсіндірілді. Демалыс кезіндегі қауіпсіздік туралы әр сынып жетекші оқушыларға айтып түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Оқушылар сынып сағатынан соң өте жақсы көтеріңкі көңіл күйде тарады.



«Мектебiм, саған мың алғыс!» атты салтанатты жиын өткізілді. Мектеп түлектері өздерінің құттықтаулары мен тілектерін айтып соңғы қоңырауларын соқты. Оқушыларға марапаттаулар таратылып, мектеп, ұстаздар туралы әндер айтылып оқушылар өте жақсы әсермен тарасты.



<https://www.instagram.com/reel/p/C7Zisw/ANQ2R/?igsh=NjZiM2M3MzIxNA==>

Жазғы демалыс-2025 «Суға түссең абайла, сақтық керек қалайда да!», «Жол қозғалысы туралы, мотоцикл және квадроциклдер», «Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіз ережелер» тақырыбы негізінде 1-11 сыныптарға және ата-аналарға ақпарат беріліп, нұсқаулықтар айтылды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша «Батырлардың ерлігіне жүрегіңмен жақында» тақырыбы барысында мектебімізде орнатылған Ауған соғысына қатысқан, ел азаматтарының стендінің аясында «Ауған соғысы» туралы 5-9 сыныптарға батыр ағаларымыздың өмірбаяндары, тарихы жайында айтылды. Өткізген АӘД мұғалімі: Садвокасов Р.А.



«Өрле Қазақстан» тақырыбы аясында 1-4 сыныптарда Патриоттық әндер байқауы өткізілді. Өткізген музыка пәні мұғалімі: Еламанов М.К..

«Ғарышқа түрен салған қыран қазақ!» 12 сәуір- Ғарышкерлер күніне орай 5-10 сыныптарда тәрбие және сынып сағаттары өткізілді. Өткізген: 5-11 сынып жетекшілері(жеке жоспар бойынша).

«Адал friends» жобасы аясында «Біз бәріміз бірдейміз!» тақырыбы негізінде 9-11 сыныптарға толеранттылық сабақтары өткізілді. Сабақ барысында барлығымыз бір елдің азаматтары екені туралы айтылып, ҚР Конституциясына негізделді. Өткізген: тарих пәнінің мұғалімдері.

«Шаңырақ» жобасы аясында «Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім!» 1-4 сыныптар арасында бейне көрсетілімдер өткізілді. Оқушылар отбасыларымен бірге түскен қызықты видеоларын ұсынды.

«ЭКОstart» жобасы аясында «**Табиғат тамашалары**» тақырыбында 5-6 сыныптар арасында суреттер байқауы өткізілді.

«**Дәстүр мен ғұрып**» жобасы бойынша «**Шеберлер қаласы: ата-бабаларымыздың мұрасын сақтаймыз және көбейтеміз**» тақырыбы аясында 8-9 сыныптарда өлкетану сәндік-қолданбалы шығармашылығы өткізілген болатын. Оқушылар өз қолдарымен істеген бұйымдарын, атап айтатын болсақ ат әбзелдерін, ыдыс аяқ, киім үлгілерін дайындап көрме ұйымдастырылды. Өткізген: Көркем еңбек мұғалімдері.

«**Ұлттық киім – ұрпаққа мұра**» 5-11 сыныптар арасында сән апталығы өтті.

«**Ұмыт болған ұлттық тағамдар**» тақырыбында 8-11 сынып оқушылары үйлерінде ұлттық тағамдарды дайындап видеоларын әлеуметтік желіге жүктеді.

«**Салауатты өмір салтын сақтау**» жобасы аясында «**Дені сау ұрпақ-ел болашағы**» 7 сәуір – «Дүниежүзілік Денсаулық күніне» орай 1-7 сынып оқушылары мен медицина мамандары кездесулер өткізді.

«**Құқықтық мәдениет**» жобасы аясында «**Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн**» онкүндік аясында 8-11 сыныптарда волейболдан, баскетболдан және тоғызқұмалақ ойындарынан жарыстар өткізілді.

6-10 сыныптарда «**Жас сарбаздар шеруі**» саптық шерулер өткізілді. Өткізген: АӘД мұғалімі.

«**Ұлы Жеңіс**» мерекесіне арналған 1-11 сыныптар арасында «**Патриот**» апталығы өткізілді. Дене шынықтыру мұғалімдері(жеке жоспар бойынша).

«**Адал ұрпақ – саналы ұрпақ**» жобасы аясында «**Тарихтан тағылым- өткенге тағзым**» /31 мамыр – саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні /5-11 сыныптарда тәрбие сағаттары өткізілді және слайд дайындалып мектептің инстаграмм парақшасына салынды.

«**Өнегелі бір сағат**» жобасы аясында «**Ұстазға алғыс**» 10-11 сыныптар дайындаған бейне блогтар челленджі өткізілді.

«**Рухани жаңғыру**» бағдарламасы бойынша «**Ынтымағы жарасқан, туған өлкем - Қазақстан**» 1-11 сыныптарда **1 Мамыр** күніне орай «**Бірлік сабағы**» бірінші сынып сағаттарын өткізді, 1-6 сыныптарда суреттер салынды.

«**Сыңғырла, соңғы қоңырау-2022**», «**Қош бол, алтын ұя, мектебім**» салтанатты жиыны өткізіліп, концерттік бағдарлама мен жалғасты.

5-10 сынып оқушылары арасында «**7 Мамыр ҚР қарулы күштері күні**» ән байқауы өтті және «ҚР сарбазы қандай болу керек?..» тақырыбында эссе байқауы өткізілді.

1-11 сыныптарда «**Отбасым-құтты мекенім**» тақырыбында сынып сағаттарын өткізді.

«**Үнем - қоғам қуаты**» жобасы аясында «**Бір реттік ыдыстардың пайдасы мен зияны туралы**» 7-9 сыныптар пікірталас сайысы өткізілді.

Экологиялық сенбілік аясында 5-10 сынып оқушыларымен мектеп маңында абаттандыру жұмыстарын жүргіздік.

«**Оқуға құштар мектеп**» жобасы аясында 1-11 сыныптар аралағында «**Оқырмандар отбасы**» байқауы өткізілді. Өткізген: мектеп кітапханашысы.

Ата-аналар мен оқушыларға дәстүрлі түрде «**Қауіпсіздік техникасы**» жайында нұсқаулықтар айтылып, жазғы демалыстағы қауіпсіздік ережелері туралы құжаттары мен таныстырылды. Жергілікті спорттық бағыттағы аула клубтарын ұйымдастырылды, кәмелетке толмағандарды сабақтан тыс уақытта спорттың бұқаралық түрлерімен айналысуға тарту жөнінде дене шынықтыру мұғалімдері жазғы спорттық алаңдарды дайындап қойды.

Оқу жылы аяқталғаннан кейін оқушылар, ата-аналар сынып жетекшілері мен бірге табиғат аясына саяхатқа шығып, серуендеді.

«**Салауатты өмір салтын сақтау**» жобасы бойынша 1-11 сыныптарда танымдық сабақтар өткізілді. Өткізген: дене шынықтыру мұғалімдері

«**Адал ұрпақ – саналы ұрпақ**» жобасы бойынша «**Қасиет тұнған қастерлі құндылықтар**» /4 маусым – мемлекеттік рәміздер күні/ аудандық «**Менің туым- менің мақтанышым**» челленджіне қатыстық.

«**Адал friends**» жобасы бойынша «**Өлкенің гүл жайнаған балғындары**»

1 маусым-Халықаралық балаларды қорғау күніне орай 1-11 сыныптар және Шакей ауылының негізгі мектебінің оқушылар мен балдырғандарға Мерекелік қойылым ұйымдастырылып, балалар мен әр түрлі ойындар ойнатылып, тәттілер таратылды.

Ұйымдастырғандар: ДТІЖО, мұғалімдер, ауылдық клуб меңгерушісі. Демеушілер: Ауыл әкімшілігі және жеке шаруашылықтар.

«ЭКОstart» жобасы бойынша «Экология-бүкіл әлем тағдыры (5 маусым- Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні). Жергілікті орман шаруашылығымен келісе отырып ДТІЖО және 5- 9 сынып оқушылары ұсынысымен екінші бұлақты абаттандыру жұмыстарын жүргізілді. Енді бұл бұлақтың ресми түрдегі атауы «Жастар бұлағы» берілді.

«Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы бойынша Жазғы демалыс-2022 «Суға түссең абайла, сақтық керек қалайда» тақырыбы негізінде 1-11 сыныптарға және ата-аналарға ақпарат беріліп, нұсқаулықтар айтылды.

Тәрбие жұмысының жоспары қосымша берілген

5) Мектепте рухани-адамгершілік бағыты бойынша «Абай» клубы, көркемдік-эстетикалық бағыт саласында «Шебер қолдар» үйірмесі, тоғызқұмалақ үйірмесі, «Ұлттық ойындар» үйірмесі, дене тәрбиесін қамтамасыз ету мақсатында волейбол, футбол, үстел теннисі, баскетбол секциялары, зияткерлік бағыт бойынша «Кемеңгер» дебат клубы сабақтан тыс іс-шаралар ұйымдастырылған.

№	Үйірме, секция, клуб атаулары	Өткізілетін сыныбы	Қамтылған оқушылар саны
1	«Шебер қолдар» үйірмесі	2	5
2	«Ұлттық ойындар» үйірмесі	1	9
3	«Абай» клубы	5-10	11
4	«Кемеңгер» дебат клубы	7-9	6
5	Волейбол	9,10,11	19
6	Баскетбол	7-8	19
7	Үстел теннисі	6	9
8	Тоғызқұмалақ	3-4	16
9	Жас шахматшы	5	10

Үйірме, секция, клуб жұмыс кестелері қосымша берілген

Мектеп оқушылары спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстар мен жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға жыл сайын белсене қатысып, әрқашан биіктерден көрініп жүлделі орындарға ие болады. Атап айтқанда, 8-10 сыныптар арасында өткен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30- жылдығына арналған аудандық дебат турнирінде 2-орын «Кемеңгер» дебат клубы, Балалар жылына орай өткізілген аудан Әкімінің кубогына арналған «Балғын балалар біздің болашағымыз» атты аудандық дебат турнирінде «Кемеңгер» дебат клубы «Гран – при» иегері атанды. Аудандық «Мен зерттеушімін» мектеп жасына дейінгі балалар арасында өткізілген байқауда Уалихан Балауса 2-орын, Аудандық «Ыбырай оқулары» мектепалды байқауда Думанұлы Әлихан. Ерейментау балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің ұйымдастыруымен өткізілген «Тоғызқұмалақ» ойынынан 4 сынып оқушысы Мұқаметбек Кәусар 2-орын. «Еркіншілік ауылының ЖОББМ» КММде 9-11 сыныптарда ұлдар арасында және қыздар арасында өткізілген баскетболдан аймақтық жарыста жүлделі II орындарға ие болды. Дәл сол мектепте волейболдан өткен жарыстан біздің мектеп оқушылары II орынды иеленді.

Спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстар мен жарыстардың, фестивальдар мен байқаулардың қатысу нәтижелері қоса беріледі.

6) білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі);

10-11 сыныптар жаратылыстану-математика бағытында оқытылады.

Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқыту мақсатында 2024-2025 оқу жылында 10-сынып оқушылары арасында сауалнама жүргізілді, сауалнама барысында және ата-аналарының өтінішіне сәйкес 10-сынып оқушылары тереңдетілген деңгейден география және биология пәндерін, стандартты деңгейден кәсіпкерлік

және бизнес негіздері пәнін таңдады. География - 4 сағат, биология - 4сағат, кәсіпкерлік және бизнес - 1сағат оқытылды.

2024-2025 оқу жылында 28.08.2024 жылғы №2 педагогикалық кеңестің шешімімен 11-сынып Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2023 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығының 100 –қосымшасы негізінде білім алуда. Тереңдетілген деңгейде оқушылардың өздерінің 2024-2025 оқу жылында таңдаған пәндері: биология, география 4сағат көлемінде оқытылады. Стандартты деңгейде кәсіпкерлік және бизнес негіздері пәні1сағат оқытылады. Сонымен қатар, вариативті бөлімнен Физика және медицина-1 сағат, Эссе түрлері-1 сағат берілді.

7) Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге жеке оқу жоспарлары мен бағдарламаларының көшірмелері қоса беріледі)

Күншалған ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде инклюзивті оқитын оқушы жоқ.

8) ЖББ ҰОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру (бағаланатын кезеңге вариативтік компонент сабақ кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері қоса беріледі);

9-сыныпта үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен «Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативтік курсын міндетті түрде оқыту үшін аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат бөлінді. Бұл курсты ҚР Білім және ғылым министрінің 15 шілде 2014 жылғы №281 бұйрығымен бекіткен үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жүргізілді.

2023-2024 оқу жылында вариативті компонентінен төмендегі курстар енгізілді:

Сыныбы	Вариативті компонент	Тақырыбы
2	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	Тіл дамыту
3	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	Ертегі әлемінде
4	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	Логика
5	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	Ұлттық құндылық
6	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	Тіл мәдениеті
7	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	Таным
8	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	Сөз сыры
9	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	Зайырлылық және дінтану негіздері
10	Жаһандық құзыреттілік	Кәсіпкерлікжәне бизнес негіздері
11	Элективті курстар	Эссе түрлері
12	Элективті курстар	Физика және медицина

Зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері:

- Республикалық ғылым және білімді қолдау «Тіл, өнер және білім» орталығы ұйымдастырған Республикалық «Әдебиет құпиясы» атты мәнерлеп оқу байқауы 2-орын 1-сынып оқушысы Амантай Жаннұр, 1-сынып оқушысы Берлибек Нұрқанат 2-орын,
- «Зерде» облыстық ғылыми жоба Мақсұтбек Шуақ 1-орын,
- «Зерде» Республикалық ғылыми жоба Мақсұтбек Шуақ 2-орын
- «Зерде» аудандық ғылыми жоба Аманбаева Інжу 2-орын
- Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған «Ұлы даланың жеті қыры» атты аудандық көрме-байқауында пластикалық бұйымдар номинациясы бойынша 4-сынып Серикова Дарина 2-орын
- Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған «Ұлы даланың жеті қыры» атты аудандық көрме-байқауында сурет салу номинациясы бойынша 9-сынып Жақыпов Али 1-орын
- Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған «Ұлы даланың жеті қыры» атты аудандық көрме-байқауында тоқу, макраме, іс тігу номинациясы бойынша Күншалған ауылының ЖОББМ 1-орын
- Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған «Ұлы даланың жеті қыры» атты аудандық көрме-байқауында номинациясы бойынша Аманбай Інжу 1-орын
- Облыстық пән олимпиадасы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен 11-сынып оқушысы Ойрат Гүлайым қатысушы сертификаты.
- Облыстық «Абай оқулары» байқауы Ойрат Гүлайым 2-орын.
- Облыстық махамбет оқулары Жарқынбек Жанерке 8-сынып оқушысы 4-орын.
- Аудандық «Абай оқулары» Бекарыстанова Раушан 9-сынып оқушысы 3-орын.
- Аудандық «Абай оқулары» Буканова Мадина 2-орын
- Аудандық «Мағжан оқулары» республикалық байқауының аудандық кезеңінде «Сурет салу» номинациясы бойынша Хамитова Риза 8-сынып оқушысы 3-орын
- Аудандық Жастарды қолдау орталығынан эссе байқауы Қабылтай Ботағөз 1-орын
- Облыстық «Тарих ізімен» көрме-байқау 3-орын Уалихан Абилқайыр 7-сынып
- Облыстық «Тарих ізімен» көрме-байқау қатысушы сертификаты Құрманова Жанбота 5-сынып
- Облыстық «Көркем ағаш ою» байқауы 10-сынып оқушысы Бітіков Ерназ 5-орын

9) "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсы зерделеу.

2024-2025 оқу жылы бойынша «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсы оқыту міндетті болып табылады. 1-3 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағатты, 4 сыныптарда 3 сағатты «Дүниетану» пәні шеңберінде бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырды. Сонымен қатар 5-9 сыныптарда оқу жүктемесі 15 сағатты құрайды және дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырды;

"Өмір қауіпсіздігі негіздері" интеграцияланған білім беру бағдарламасы "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсы шеңберінде іске асырды.

10 сыныптарға жылдық оқу жүктемесі 12 сағат, 11 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі – 16 сағатты құрайды. (оқыту алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімі - ұйымдастырушыларының оқытуымен жүзеге асырды.) және сабақ уақытында жүргізілді. Барлық пән мұғалімдеріне қатысты "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" күнделікке тақырыптары енгізілді.

Сын ыбы	қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан	қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр
1		06,20	24				02	06	11
2	15.09	06.10			24.01			11.04	
3	13д/т	05д/ш	21д/т	21д/ш	24д/ш		15д/ш	18д/т	
4	29.			19.12. 21				27.04.22	
5	02.03.07. 09		11		18,20, 21,25		31	01,05,07	
6	02,03,07, 09		11,12, 16		18,20, 21,25		31	01,05,07	
7	02,06,07, 09,31		08,09, 11		17,18, 20,24		31	01,05,07,28	03

8	03,06,08, 10		08,10, 12		17,19, 21,24			01,04,06,08	
9	06,07,08		08,09, 10		17,18, 19,24		14,16	04,05	
10						07.02, 14.02, 21.02, 28.02	07.03, 14.03	04.04, 11.04, 18.04, 25.04	02.05, 16.05
11									

10) "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсына іске асыру;

2024-2025 оқу жылында «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы негізінде "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұны 2 тарау §1 25 тармақ, §2 39 тармақтарын басшылыққа алынып 1-4 сыныптарда 6 сағаттан, 2 тарау §135 тармақ, §2 48 тармағын басшылыққа алынды. «Жолда жүру ережелері» 5-8 сыныптарда 10 сағаттан **сынып сағатында өткізілді.**

Сын ыбы	қыркүйек	қазан	қараша	желтоқс ан	қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр
1	01.09.24		17.11.24	29.12.24	19.01.25		16.03.25		18.05.25
2	01.09.24		17.11.24	29.12.24	19.01.25		16.03.25		18.05.25
3	01.09.24		17.11.24	29.12.24	19.01.25		16.03.25		18.05.25
4	01.09.24		17.11.24	29.12.24	19.01.25		16.03.25		18.05.25
5	01.09.24	20-28.10.24	17.11.24	29.12.24	19.01.25	23.02.25	16.03.25	13.04.25	18.05.25
6	01.09.24	20-28.10.24	17.11.24	29.12.24	19.01.25	23.02.25	16.03.25	13.04.25	18.05.25
7	01.09.24	20-28.10.24	17.11.24	29.12.24	19.01.25	23.02.25	16.03.25	13.04.25	18.05.25
8	01.09.24	20-28.10.21	17.11.24	29.12.24	19.01.25	23.02.25	16.03.25	13.04.25	18.05.25

11) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 11716 болып тіркелген) білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау. Біліктілік талаптарының сақталуы бойынша барлық растайтын құжаттары (жабдыққа арналған жүк құжаттардың және/немесе бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдардың тізбесі көшірмелері), осы Өлшем шарттардың 10, 11, 12, 13, 14, 17-қосымшаларына сәйкес толтырылған кестелер, оның ішінде жалпы білім беру ұйымы бойынша оқу және оқу-зертханалық жабдықтар мен жиназдардың болуы жөніндегі бейне материалдар қоса беріледі.

Мектептің педагогикалық ұжымының сапалық және сандық құрамының анализі мектептің қажетті оқу-педагогикалық потенциалымен толық қамтылған.

Мектепте ҚР мемлекеттік стандартымен қарастырылған барлық пәндер жүргізіледі. Педагогтердің жеке іс-

құжаттары, еңбек кітапшалары талапқа сай келеді, мектепте мамандар есебі жүргізіледі.

Педагогтердің жеке іс Мұғалімдердің жеке істері, еңбек және санитарлық кітапшалары талаптарға сәйкес. Педагогикалық ұжымның сапалық және сандық құрамның талдауы мектепте қажетті оқу-педагогикалық потенциалдың барлығын көрсетеді, мектепте тұрақты ұжым құрылған.

Қазіргі таңда

Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы

Оқу жылы	барл ығы	Педагог- шебер	%	Педагог- зерттеуші	%	Педагог- сарапш ы	%	Педагог- модератор	%	Сапа
2024-	7	0	0	1	10	2	20	3	30	57

2025														
------	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан педагог-сарапшылар, педагог-модератор үлесі -57%.

Негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы

Оқу жылы	барлығы	Педагог-шебер	%	Педагог-зерттеуші	%	Педагог-сарапшы	%	Педагог-модератор	%	Жоғары санат	%	1 санат	%	Сапа
2024-2025	19	0	0	3	30	0	0	2	20	0	0	2	20	36

Негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің үлесі - 36 %.

Педагог кадрлардың біліктілік арттырудан өткені туралы мәліметтер саны (2023,2024,2025 ж)

жылы	Барлық педагогтар	Жаңартылған білім беру	Инклюзив	Цифрлық құзыреттілік	PISA есептерін шығару
2023,2024,2025	26	7	1	26	2

Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы.

Мектеп бойыншаасхана 30орынға арналған. Асханада ас даярлайтын бөлме, ас ішетін бөлме, ыдыс жуатын жер, асхана жабдықтары тұратын бөлме, аспазшылар бөлмесі және 2 қойма бар.

Ас ішу залында үстелдер, орындықтар, қол жуатын раковина (ыстық сумен қамтылған), сұйық сабын, қоқыс салатын жәшік орналастырылған. Асханада «Асыңыз дәмді болсын!» тақтасы, ақпараттық стендтер ілінген. Мектеп асханасында 1 аспазшы, 1 аспазшы көмекшісі, 1 тазалықшы қызметкер бар. Асхана қызметкерінің білім дәрежесін растайтын құжаттары бар. Санитарлық кітапшалары талапқа сай, медициналық тексерістен уақытылы өткен. Жұмыс барысында халат, фартук, орамал, екінші аяқ киім киеді. Ас пісіру барысында қолдарына арнайы резеңке бес саусақты қолғап киеді. Ауыстырып отыруға халат, фартук, орамалдары екі данадан бар. Ас дайындау барысында, асхана ішінде санитарлық талаптарды орындайды.

Тұрмыстық техникадан келесі тіркелді:

Электр плитасы - 1 дана

Электр еттарқышы - 1 дана

Электр пеші – 1 дана

Екі камфоралы электрплитасы - 1 дана. Барлық плиталардың пештер іжұмыс жасайды.

Тоңазытқыш (мұздатқыш камерасымен) - 1 дана

Өлшеуіш құрал (электрлі) - 1 дана

2024-2025 оқу жылы бойынша мектеп контингентін 60 оқушы құрап отыр және ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611

«Білім беру объектілеріне қойылған санитарлық – эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға білім беру ұйымдарында тәрбиеленуші және білім алушы балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарды сатып алу» қағидаларын бекіту бұйрықтарын орындау негізінде жалпыға бірдей міндетті

білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін тамақтануымен қамтамасыз ету демектеп 6 ойынша 6 оқушы және 1-сыныптың 9 оқушысы тамақтанып отыр.

Жинақталған құжаттар:

1) Тамақтану объектісінің санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды 12.10.2012ж № 13-178

Мектеп 1981 жылы қолдануға берілген, спортзал, асхана, қосылып салынған. Типтік үлгідегі ғимарат 464 оқушыға арналып салынған. Үш қабатты. Жалпы алаңы-3152,8. Жұмыс ауданы-1884. Оқыту тілі – қазақ тілі, жұмыс реті - екі ауысымда оқытылады. Қазіргі таңда 60 оқушы білім алуда.

Оқу кабинеттері қазіргі заманға сай құрал-жабдықтармен жабдықталған. Мектеп ғимаратында су және жылу жүйесі орталықтандырылған, жағдайы қанағаттанарлық. Мектеп жылы дәретханалармен жабдықталған. Ер бала-қыз балаларға арналған және қызметкерлерге арналған 10 дәретхана жұмыс жасап тұр. Жылы сумен (минутка) жабдықталған.

Мектепті жаңа оқу жылына дайындау мақсатында мектепті ағымды жөндеу жұмыстарына бюджеттен қаржы бөлініп тұрады.

Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 24 бейне бақылау, оның ішінде ішкі - 14 бейне бақылау, сыртқы-10 бейне бақылау камералары орнатылған. Қауіпсіздік шаралары аясында арнайы күзет бар. Өрт қауіпсіздігі жүйесі жұмыс жасайды. Қауіпсіздік сигналы бар.

Мектептің материалдық – техникалық базасы қанағаттанарлық. Мектептің ішкі, сыртқы санитарлық жағдайы, мектеп ауласының көгалдандырылуы талапқа сай. Мектеп ғимаратының іші-сырты, сынып бөлмелері, зертханалар, компьютер сыныбы т.б. санитарлық талапқа сәйкес жабдықталған.

Мектеп мұғалімдері, оқушылар және техникалық қызметкерлер техника және өрт қауіпсіздік ережелерімен толық таныстырылған.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқу пәндері кабинеттерімен; интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен; оқу-зертханалық жабдықтармен жарақталуы.

Барлық кабинеттер саны -16 және 1 шеберхана

1) Физика кабинеті -1. интерактивті тақта, 9 оқушының партасы, орындығымен , 1 мұғалім үстелімен орындығы, жазу тақтасымен, 2 дана шкаф және қауіпсіздік ережелері, көрнекілік таблицаларымен жабдықталған.

2) Биология кабинеті -1.Интерактивті тақта, 1 комплект дербес компьютері, 10 жұмыс үстелі, мұғалім үстелімен орындығы, жазу тақтасымен, 3 дана шкаф және қауіпсіздік ережелері, көрнекілік таблицаларымен жабдықталған.

3) Қазақ тіл мен әдебиеті кабинеті -2. № 6 кабинет Интерактивті тақта, 1 комплект дербес компьютері бар. Көрнекілік стендтермен, таблицалармен, үлестірмелі материалдармен жабдықталған. 9 оқушының партасы , 9 орындығымен, 1 дана шкаф

4) Математика кабинеті – 2, №10 кабинет 1 комплект дербес компьютері бар. Көрнекілік стендтермен, таблицалармен, үлестірмелі материалдармен жабдықталған.

6) Алғашқы әскери даярлық кабинеті-1. Көрнекілік стендтермен, таблицалармен, үлестірімелі материалдармен жабдықталған.

7) Информатика кабинеті - 1, дербес компьютер комплекті (процессор, тышқан, монитор, пернетақта) 12 нәтбук, проектор, қауіпсіздік ережесі, ақпараттық түсіндірме стендтерімен жабдықталған.

8) Өзін-өзі тану кабинеті- 1. Көрнекілік стендтермен, таблицалармен, үлестірімелі материалдармен жабдықталған, экран, 1 дербес компьютермен жабдықталған.

10) Тарих кабинеті – 2, №5 кабинет интерактивті тақта, 1 комплект дербес компьютері бар. Көрнекілік стендтермен, таблицалармен, үлестірімелі материалдармен жабдықталған.

11) орыс тілі кабинеті – 2. № 4 кабинетте дербес компьютер, . Көрнекілік стендтермен, таблицалармен, үлестірімелі материалдармен жабдықталған. 1 дана шкаф

12) ағылшын тілі кабинеті – 3. №7 1 дербес компьютер және экран бар. Көрнекілік стендтермен, таблицалармен, үлестірімелі материалдармен жабдықталған. 2 дана шкаф

13) Бастауыш сыныптарда 3 кабинет бар . 1) Бірінші кабинетте дербес компьютер комплектісі және экран бар. 1 дана шкаф жабдықталған. 2) бастауыш сынып кабинеті 1 дана компьютер бар, 2шкаф бар. 3) 2 дана шкаф, қабырғалары ертегі суреттерімен безендірілген.

14) Даярлық тобында - 1 кабинет, дербес компьютер және экран бар. Көрнекілік стендтермен, таблицалармен, үлестірімелі материалдармен жабдықталған.

15) Көркем еңбек (қыздар)– 2 кабинет. Қауіпсіздік ережелері, көрнекілік таблицаларымен, ақпараттық күнтізбемен жабдықталған. Киім ауыстыратын орын, үлкен үстел 1 дана, мұғалім үстелі 1 дана, 15 орындық, тігін машинасы – 3 дана, манекен-1 дана, қол жуғыш 1 дана, ас сервизи Duralex 1 дана, үтік – 1 дана, үтік үстелі – 1 дана, шкаф – 2 дана.

16) шеберхана -3. Қауіпсіздік ережелері, көрнекілік таблицаларымен жабдықталған. ТБ-6 -2 дана станок, НГФ-110 атауында 1 дана станок, бұрғылау станок 1 дана, қайрақ станок 1 дана, СТД-120 атауында 2 дана станок, сүргі 1 дана орнатылған.

Дене шынықтыру залы (288 м²), шешінетін орын-2, оқытушылар бөлмесі-1, спорт инвентарь қоятын бөлме жоқ. Жарықтандырылған, баскетбол, волейбол сеткалары, 2 дана волейбол добы, 1 дана футбол, 1 дана баскетбол доп, тоғызқұмалақ -8 дана, шашка-шахмат-5 дана, теннис үстелі 1: сетка, 1 дана ракетка, теннис шары -5, гимнастикалық скамейка-3 дана, төсеніш (мата) -4 , кіші ағаш ат-жоқ, спорттық брус -1 дана, 3 дана керме, 1 дана канат арқаны.

Медициналық кабинеті лицензия №14009931 11.07.2014 жылы берілген, жазу үстелі, орындық, кушетка 1 дана, медициналық шкаф 2, канцелярлық үстел 1 дана, ширма, шыны қақпақпен медициналық үстелі 2, тоназытқыш-1, тонометр, фонендоскоп, бактерицидтік шам, медициналық таразы, ростометр, вакцинаға арналған термоконтейнер, үстел шамы, қайшылар, жуынатын раковина (ыстық сумен қамтылған), дезинфекциялық заттар (қоры 3 айға жеткілікті) кеңсе құжаттары (журналдар - 21 медициналық құжаттар жинақталған) т.б.

Кітапханада Кітап қоры- 15576 дана, оның ішінде жаңа буын оқулықтары- 13120, көркем әдебиет саны- 2456, электронды оқулықтар- 50 дана, оқырмандар саны- 300, кітапхана көлемі 73.м

14. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

1) білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы;

2024-2025 оқу жылдарында білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс (факультативтік, жеке және үйірме сабақтары) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда, 1-сыныпта – 22,5 сағаттан, 2-сыныпта – 24 сағаттан, 3-сыныпта – 27 сағаттан, 4-сыныпта – 27 сағаттан, 5-сыныпта – 31 сағаттан, 6-сыныпта – 31 сағаттан, 7-сыныпта – 34 сағаттан, 8-сыныпта – 35 сағаттан, 9-сыныпта – 36 сағаттан, 10-сыныпта – 37 сағаттан, 11-сыныпта – 39 сағаттан асқан жоқ. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар толығымен орындалды.

2) білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ЖББ ҰОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы;

Білім алушылардың инвариантты және вариативтік компоненттерден тұратын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарында белгіленеді. Апталық оқу жүктемесі ҰОЖ-да (инвариантты және вариативті компоненттер) анықталған оқу жұмыстарының барлық түрлерін қамтыды:

Оқу жылы	Компонент	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
2024-2025	Инвариантты	22,5	23	26	26	29	29	32	33	34	33	23
	Тереңдетілген деңгей	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	8
	Стандарттық деңгей	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	2
	Вариативтік	-	1	1	1	2	2	2	2	2	4	6
	Барлығы	22,5	24	27	27	31	31	34	35	36	37	39

3) сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.

Топқа бөлініп оқылатын сыныптар жоқ. Себебі мектепте бала саны аз.

15. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен МЖМБС талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер) (білім алушыларды қорытынды аттестаттау хаттамаларының, сондай-ақ ЖББ ҰОЖ инварианты компонентінің әрбір оқу пәні бойынша бір бейне материал қоса беріледі);

1-11 сыныптарда оқу процесі жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы мен жүзеге асырылады. Әр пән бойынша ұзақ мерзімді жоспар оқу бағдарламасының құрамына енгізілген және ұзақ мерзімді жоспарда күтілетін нәтижелер оқу мақсаттары түрінде нақты көрсетілген. Күтілетін нәтижелердің (оқу мақсаттарының) тақырыптық мазмұнға сәйкес нақты талдануы білім алушыларда пәндік білім мен дағдыларды нақты оқу материалы негізінде қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

9,11-сыныптарда жылы соңында қорытынды аттестаттау жүргізілді.

Оқу	Сыныбы	Оқушы саны	қатысқаны	Пәні	«5»	«4»	«3»	«2»	%
-----	--------	------------	-----------	------	-----	-----	-----	-----	---

жылы									
2024-2025	9	5	5	Математика	-	2	3	-	40
		5	5	Қазақтілі		3	2	-	50
		5	5	Орыстілі	2	3		-	100
				Таңдау пәндері					
		5	5	География	-	2	3	-	100
	11	6	6	Алгебра және АБ	-	6		-	100
		6	6	Қазақстантарихы	2	4	-	-	100
		6	6	Қазақтілі	1	5	-	-	100
		6	6	Орыстілі	5	1	-	-	100
				Таңдау пәндері					
		6	6	География	2	4		-	100

2024-2025 оқу жылында қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Білім және ғылым министрінің 2022 жыл 20.04. № 159 бұйрығы басшылыққа алынды.

2) 2, 3, 4-сыныптар үшін оны орындау мүмкіндігін ескере отырып (астрономиялық сағаттарда) үй тапсырмасына қойылатын талаптарды сақтау;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі №182 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» талаптары сақталды. Үй тапсырмасының уақыты әр сыныпқа белгіленген уақыттан асып кеткен жоқ. «Күнделік.кз» электронды журналында үй тапсырмасының уақыты көрсетілген.

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау;

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау формативті және жиынтық бағалау нысанында жүзеге асырылды. Бағалау нақты бөлім/ортақ тақырып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін қадағалау негізінде әрбір оқу пәні бойынша оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары жүйесіне сәйкес жүзеге асырылды. Білім алушылардың білімнің міндетті төменгі шекті көлемі мен олардың шеберлігі мен дағдылары қамтылған оқу пәндерінің базалық деңгейін меңгеруін анықтайтын жаңартылған бағдарламамен оқитын барлық сыныптарда бөлім бойынша жиынтық бағалаулар және тоқсандық жиынтық бағалаулар жүргізілгендігін растайтын материалдар бар, жинақталған. Тексеру кезінде бөлім, тоқсандық бойынша жиынтық бағалау алынып, тексеріліп, электронды журналға баллдары қойылған. Мұғалімдердің БЖБ, ТЖБ өткізу кестесі құрылған.

Тоқсандық және бөлім бойынша жиынтық бағалаудағы балдарды қою критерийі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес.

мұғалімдерінің жоспарлары жасалып, сол жоспар бойынша бөлім бойынша, тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмыстары жүргізілді.

Мектепте ағымдық бағалаудың, тоқсандық және жылдық бағалардың бар болуы «Kundelik.kz» электронды журналы арқылы зерделенді.

2024-2025 оқу жылында 1-11-сыныптар жаңартылған бағдарлама бойынша оқытылды.

1-сынып оқушыларының оқу жетістіктері "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы № 373 бұйрығының 14 –тармағына сәйкес бағаланған жоқ.

2-11-сыныптарда БЖБ, ТЖБ жүргізілді, баллдары мен бағалары журналға қойылған.

2024-2025 оқу жылында барлық сыныптар бойынша БЖБ, ТЖБ баллдары мен бағалары тексерілді.

5) 4, 9, 11-сыныптардың білім алушылары мен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және МЖМБС бекіткен тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау (білім алушылардың білік және дағды, білімсапасын бағалау ведомостарының көшірмелері, сонымен қатар осы Өлшем шарттардың 15 және 16-қосымшаларына сәйкес толтырылған кестелер қоса беріледі).

16. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

2024-2024 оқу жылында каникул кезеңдері 2024-2025 оқу жылының басталуы, ұзақтығы, каникул кезеңі орта білім беру ұйымдарында меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан «Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» ҚР БҒМ 2021 жылғы 27 шілдедегі № 368 бұйрығымен бекітілген:

- 1) 2024-2025 оқу жылының басталуы – 2024жылғы 1 қыркүйек;
- 2) оқу жылының ұзақтығы: 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 (12) сыныптарда – 34 оқу аптасы;
- 3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:
1-11 (12) сыныптарда:
күзгі – 7 күн (2024жылғы 1-7 қарашаны қоса алғанда),
қысқы – 11 күн (2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 9 қаңтарды қоса алғанда),
көктемгі-12 күн (2025 жылғы 19-30 наурызды қоса алғанда);
1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2025 жылғы 7-13 ақпанды қоса алғанда) беріледі.

Мектеп директоры:

Комиссия мүшелері:

Ж. Бекей

А.С. Боканова

А.К. Хамитова

Г.А. Садвокасова



Г.А. Сагинбасва